



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс. 55-72-94

№

02.06.14 № 3

ге

**Тұрақты комиссияның
2017 жылғы 2 маусымдағы
қаулысы**

**«Астана қаласының аумағында
сыртқы жарнама (визуалды)
орналастыру тәртібі мен шарттары
жөніндегі қағидаларды сақтау
туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы
тұрақты комиссияның бірлескен
отырысының қаулысының орындалу
барысы туралы**

«Астана қаласы архитектура мен сәулет құрылысы басқармасы» ММ басшысының міндетін атқарушы К.Т. Қожамжаровтың «Астана қаласының аумағында сыртқы жарнама (визуалды) орналастыру тәртібі мен шарттары жөніндегі қағидаларды сақтау туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы тұрақты комиссияның бірлескен отырысының қаулысының орындалу барысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы астанада жарнаманы тарату, орналастыру және пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау туралы мәслихаттың көпшілік тыңдаулар ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша атқарушы органдармен біршама жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер шеңберінде архитектура және сәулет құрылысы басқармасы Астана қаласы аумағында сыртқы (визуалды) жарнама бойынша мемлекеттік реттеумен айналысуда, алғашқы үлгілері қаралып, оларды орналастыру жөнінде рұқсат қағаздары берілуде.

Қаланың сыртқы жарнамалық-ақпараттық безендіруді жақсарту және қолданыстағы заңнаманы талаптарының сақталуын қадағалау мақсатында жарнама таратушыларға қатысты іс-шаралар қолдануда. 2017 жылдың мамыр айына маңдайшалардың 170 үлгісі қаралды. Қағида талаптарына сай үлгіде жасалмағандықтан 130 тұлғаға маңдайшаны ілуге келісім берілмеді.

Қалалық атқарушы органдарымен Астана қаласының аумағында сыртқы (визуалды) жарнаманы орналастыру тәртібі мен шарттары туралы қағидаларды сақтау бойынша үйлестіру жұмыстары жүргізілуде.

Архитектура мен сәулет құрылысы басқармасы мемлекеттік кірістер Департаменті және аудандық әкімдік қызметкерлерімен бірге үнемі рұқсатсыз ілінген сыртқы (визуалды) жарнама объектілерін анықтау үшін рейдтік тексерулер өткізуде.

Архитектура және сәулет құрылысы басқармасы есепті кезеңде өз еріктерімен сыртқы жарнаманы ілгөп тұлғаларға бұзушылықтарды жою туралы 250 хабарлама берген, оның 121 жарнама объектілерінің иесінің өз есебінен алынып тасталды.

Астана қаласы ішкі істер департаменті қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 505-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы 20 хаттама толтырылды.

Астана қаласының архитектура және сәулет басқармасының өкілдері Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің жұмыс тобының құрамында жарнама мәселелері бойынша заң жобаларын талқылауға қатысуда.

Тілдерді дамыту басқармасымен «Жарнама туралы», «Қазақстан Республикасында тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын сақталуы үнемі қадағалануда. Жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық және жарнамалық үлгі жобаларын келісу бойынша қызметтер көрсетілуде.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы «Астана қаласының аумағында сыртқы жарнама (визуалды) орналастыру тәртібі мен шарттары жөніндегі қағидаларды сақтау шараларының жүргізілуіне қарамастан, Астана қаласында астананың жарнама саласында шешілмеген мәселелер бар деп атап өтті.

Жарнама объектілерін орналастырудың мемлекеттік реттеу бірегей жүйесінің жоқтығы ғимараттардың архитектуралық стилін, астананың көркін бұзуда.

Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер маңдайшалар мен басқа да жарнамалық-ақпараттық объектілерді ғимараттарға орналастыру жағдайларын реттемейді, сондықтан астанада жарнама объектілері еш бақылаусыз, бей-берекет ілінуде.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бойынша тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Астана қаласының аумағында сыртқы жарнама (визуалды) орналастыру тәртібі мен шарттары жөніндегі қағидаларды сақтау туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы тұрақты комиссияның бірлескен отырысының қаулысының орындалу барысы туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Астана қаласының архитектура және сәулет құрылысы басқармасы» ММ, астананың департаменттері мен басқармалары басшыларына:

«Астана қаласының аумағында сыртқы жарнама (визуалды) орналастыру тәртібі мен шарттары жөніндегі қағидаларды сақтау туралы» 2016 жылғы 6 қазандағы тұрақты комиссияның бірлескен отырысы қаулысын толықтай орындау бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Құрылыс, экология, көлік,
сауда және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық
жөніндегі тұрақты комиссиясы
төрағасы**



С. Жунусов